

«Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

**Жаратылыстану -  
математика  
әдістемелік бірлестігі**

2023-2024 о.ж.



## 1. Пән бірлестік ережесі.

### Әдістемелік бірлестік туралы ереже

#### I. Жалпы ережелер

Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі (БМ) әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттар бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізеді.

Әдістемелік бірлестік бір пән немесе бірнеше бағыттар бойынша құрамында кемінде 5 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестіктерді құру, олардың санына, құрамына өзгерістер енгізу мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Әдістемелік бірлестіктер тікелей директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

#### II. Әдістемелік бірлестіктің міндеттері мен қызмет бағыттары

Әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді шешу үшін құрылады:

пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;

сабақ беру әдістемесін жетілдіру;

мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру;

педагогикалық эксперименттерді жүргізу.

## 2. Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттерді өткізу және олардың нәтижесін білім процесіне енгізу;

- оқу-әдістемелік мәселелер бойынша мұғалімдердің шығармашылық есептері, дөңгелек үстел, кеңестер, семинарлар т.б;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша лекциялар, баяндамалар және дискуссиялар;
- озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын зерттеп, оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- пән және әдістемелік апталықтарды өткізу;
- өзара сабаққа ену;
- оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау

## 3. Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау;
- оқу жоспарының вариативтік бөлімдерін жасауға қатысу;
- оқу бағдарламаларындағы минимал көлем мен мазмұнға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізу;
- оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- пәндерді оқыту әдістемесі бойынша баяндамалар дайындау және талқылау;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін қарастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу пәндерін өту әдістемесін жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік бірлестік ішінде және әдістемелік бірлестіктер арасында өзара сабаққа енуді ұйымдастыру;
- пәндер бойынша сайыстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелер жасау.



#### 4. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы.

Әдістемелік бірлестікті бірлестік мүшелерінің келісімімен тәжірибелі ұстаздар тарапынан таңдалған төраға басқарады. Төрағаны БМ директоры тағайындайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жылдық жоспар негізінде іске асырылады. Жоспар әдістемелік бірлестіктің төрағасы тарапынан құрылады, әдістемелік бірлестіктің отырысында қарастырылады, директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Отырыстың мерзімі, өтілу орны туралы директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына хабарлау керек. Қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттама журналына жазылады. Ұсыныстар әдістемелік бірлестік төрағасының қолымен бекітіледі.

#### 5. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:

- мұғалімдердің біліктілік разрядтарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектепте оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ-те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселені қоюға;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес сұрауға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға.

#### 6. Әдістемелік жұмысының негізгі міндеттері

- Ұстаздардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Сабақтар өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.
- Жас мамандарды кәсіби шыңдау.
- Жаңа ақпараттық технологияларды ендіру негізінде оқу сабақтардың өтілу сапасын жоғарылату.
- Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларды іздеу бойынша педагогикалық эксперименттерін жалғастыру.
- Шығармашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарқату. Білім беру процесінің жаңа әдістемелік жасақтауын талдау және апробациялау, озат педагогикалық тәжірибені, оқытудың жаңа формаларын, әдістерін ендіру.
- Барлық құжаттарды жүргізу сапасын жоғарылату бойынша жұмысты ұйымдастыру және өткізу.
- Оқу, ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалды жасау

#### 7. Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің міндеттері.

- пән бірлестігінің отырысын өткізу
- Пән бірлестігінің шешімі және ұсынысының орындалуы, құжаттардың жүргізілуі.
- Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерімен танысып, тәжірибелерінде қолдану.
- Пән апталығын өткізу және оған дайындық жүргізу.
- Конференция, семинар, дөңгелек стол, іскерлік ойын өткізу, дайындық жұмыстарын жүргізу.
- Оқушылардың пәндік олимпиадасын, интеллект, білім сайыстарын өткізу.
- Пән бойынша сабақтан тыс іс-шаралар өткізу.
- Сабақтар, факультатив сабақтар, үйірме сабақтарына ену.



## Пән мұғалімдерінің функционалдық міндеттері

| р/с | Мұғалімдердің аты – жөні | Функционалдық міндеттері  |
|-----|--------------------------|---|
| 1   | Смагулова Д.А.           | -Математика, физика және информатика, биология, химия пәні әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;<br>-Математика кабинетінің меңгерушісі; |
| 2   | Базылбекова Г.Ж.         | -Математика кабинетінің меңгерушісі;<br>-Әдістемелік бірлестіктің хатшысы.  |
| 3   | Ғалымжан Г.С.            | -Химия, биология кабинетінің меңгерушісі.<br>- Химия, биология пәні бойынша статистикалық есепке жауапты.                               |
| 4   | Курманова С.И.           | -Физика кабинетінің меңгерушісі.<br>-Физика пәні бойынша статистикалық есепке жауапты.  |
| 5   | Базарбаев У.Д.           | -Ақпараттық технологияларды қолдануға жауапты.<br>-Информатика пәні бойынша статистикалық есепке жауапты.                               |





Бекітемін:

Мектеп директоры

Смагулова Р.Н.

**2023-2024 оқу жылына арналған жаратылыстану бірлестігі отырыстарының жоспары**

| № | Жұмыстың тақырыбы   | Жұмыстың мақсаты                 | Жұмыстың түрі    | Мерзімі | Жауапты                           | Орындалуы |
|---|---|----------------------------------|------------------|---------|-----------------------------------|-----------|
| 1 | Бірлестіктің отырысы №1 Әдістемелік нұсқау- хатпен танысу   | Әдістемелік нұсқау хатпен танысу | Танысу, талдау   | Тамыз   | Смагулова Д.А.                    |           |
|   | 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жоспарын, ҰМЖ, ОМЖ, бағдарламаларды бекітуге ұсыну.       | Жоспарларды бекітуге ұсыну.      | Бекіту           |         | Смагулова Д.А.<br>Пән мұғалімдері |           |
|   | Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға, ҰБТ, ОЖСБ, PISA , дайындық кестесін жасау, жоспарын құру. бекітуге ұсыну | Жоспарларды бекітуге ұсыну       | Бекіту           |         | Смагулова Д.А.                    |           |
| 2 | Бірлестіктің отырысы №2<br>I тоқсан қорытындысы   | Салыстырмалы сараптама           | Сараптама        | Қараша  | Смагулова Д.А.                    |           |
|   | Математика, физика, информатика, химия, биология бірлестігінің айлығының жоспарын бекітуге ұсыну              | Жоспарларды бекітуге ұсыну       | Іс-шараны өткізу |         | Смагулова Д.А.<br>Пән мұғалімдері |           |



|   |  |  |           |        |                                   |  |
|---|--|--|-----------|--------|-----------------------------------|--|
|   | Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға,<br>ҰБТ-ге, ОЖСБ - ға дайындық жұмыстарын<br>тексеру | Қосымша сабақтарды,<br>оқушылардың<br>дайындығын тексеру | Анықтама  |        | Пән мұғалімдері                   |  |
| 3 | <b>Бірлестіктің отырысы №3</b><br>II тоқсан қорытындысы                                  | Салыстырмалы<br>сараптама                                | Сараптама | Қаңтар | Смагулова Д.А.                    |  |
|   | Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың<br>орындалуын бақылау                             | Бақылау  | Анықтама  |        | Пән мұғалімдері                   |  |
|   | ӘБ I- жарты жылдық бойынша есебі   | Талдау, бақылау  | Анықтама  |        | Смагулова Д.А                     |  |
| 4 | <b>Бірлестіктің отырысы №4</b><br>III тоқсан қорытындысына сараптама                     | Талдау, бақылау  | Сараптама | Наурыз | Смагулова Д.А                     |  |
|   | Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың<br>орындалуын бақылау                             | Бақылау  | Анықтама  |        | Пән мұғалімдері                   |  |
|   | Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға,<br>ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын тексеру               | Қосымша сабақтарды,<br>оқушылардың<br>дайындығын тексеру | Анықтама  |        | Пән мұғалімдері                   |  |
| 5 | Емтихан материалдарын дайындау,<br>бекітуге ұсыну  | Талдау, сараптау   | Сараптама | Мамыр  | Смагулова Д.А.<br>Пән мұғалімдері |  |
|   | <b>Бірлестіктің отырысы №5</b><br>IV тоқсан қорытындысына сараптама                      | Талдау, бақылау  | Сараптама |        | Смагулова Д.А.<br>Пән мұғалімдері |  |
|   | Әдістемелік бірлестіктің жылдық есебі  | Талдау   | Сараптама |        | Смагулова Д.А.                    |  |





Бекітемін:

Мектеп директоры  
Смагулова Р.Н.

**2023-2024 оқу жылына арналған жаратылыстану математика бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары**

| №               | Жұмыстың тақырыбы   | Жұмыстың мақсаты  | Жұмыстың түрі           | Жауаптылар                        |
|-----------------|---|---|-------------------------|-----------------------------------|
| <b>Тамыз</b>    |   |   |                         |                                   |
| 1               | 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жоспарын, ҰМЖ, ОМЖ, бағдарламаларды бекітуге ұсыну. | Әдістемелік нұсқау хатпен танысу. Күнтізбелі жоспарлардың мемлекеттік стандартқа сай болуын бақылау | Тексеру, бекітуге ұсыну | Бірлестік жетекші                 |
| 2               | Мұғалімдердің шығармашылық тақырыбын анықтап, бекіту  | Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау   | Талдау, бекіту          | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| <b>Қыркүйек</b> |   |   |                         |                                   |
| 3               | Дарынды оқушыларды анықтау, жұмыс жоспарын жасау  | Олимпиадаға резерв даярлау  | Талдау, сараптама       | Пән мұғалімдері                   |
| <b>Қазан</b>    |   |   |                         |                                   |
| 4               | 11 сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттауға, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын тексеру           | Оқушылардың дайындығын қадағалау  | Бақылау                 | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| 5               | 9 сынып оқушыларының ОЖСБ, PISA-ға дайындық жұмыстарын тексеру  | Оқушылардың дайындығын қадағалау  | Бақылау                 | Бірлестік жетекші                 |
| 6               | Республикалық «Ақбота», «Кенгуру» интеллектуалды марафонына оқушыларды қамту                            | Дарынды оқушылармен жұмыс   | Білім сайысы            | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| <b>Қараша</b>   |   |   |                         |                                   |
| 7               | I тоқсан қорытындысы  | Мемлекеттік стандарттың орындалуы   | Салыстырмалы сараптама  | Бірлестік жетекші                 |



|                  |  |   |              |                                   |
|------------------|--|---|--------------|-----------------------------------|
| 8                | Мектепшілік пән олимпиадасын ұйымдастыру   | Дарынды оқушылармен жұмыс                     | Білім сайысы | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| 9                | Қалалық пән олимпиадасына оқушы дайындау, қатыстыру                                  | Дарынды оқушылармен жұмыс                     | Білім сайысы | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| <b>Желтоқсан</b> |  |   |              |                                   |
| 10               | Lesson study жоспарын құру<br>Математика, физика, информатика апталығына жоспар құру | Талаптардың орындалуын тексеру<br>Жоспар құру | Анықтама     | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдер  |
| 11               | II тоқсан қорытындысы  | Мемлекеттік стандарттың орындалуы             | Анықтама     | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| 12               | ӘБ жарты жылдықтағы есебі  | Жоспардың орындалуын тексеру                  | Анықтама     | Пән мұғалімдері                   |
| <b>Қаңтар</b>    |  |   |              |                                   |
| 13               | Бақылау жұмыс дәптерлерінің сапасын тексеру  | Бағдарламалық талаптардың орындалуы           | Бақылау      | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| 14               | Lesson study жоспары бойынша сабақ беру  | Жоспардың орындалуын тексеру                  | Бақылау      | Пән мұғалімдері                   |
| <b>Ақпан</b>     |  |   |              |                                   |
| 15               | Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың жүргізілуін тексеру                 | Қосымша сабақтардың өткізілуін бақылау        | Анықтама     | Бірлестік жетекші                 |
| 16               | Таңдау, қолданбалы курс, факультативтердің оқыту жағдайын тексеру.                   | Бағдарламалық талаптардың орындалуы           | Бақылау      | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| 17               | Lesson study жоспары бойынша сабақ беру  | Жоспардың орындалуын тексеру                  | Бақылау      | Пән мұғалімдері                   |
| <b>Наурыз</b>    |  |   |              |                                   |



|              |  |   |           |                                   |
|--------------|--|---|-----------|-----------------------------------|
| 18           | Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттың орындалуын бақылау                                      | Талаптардың орындалуын тексеру                                | Анықтама  | Бірлестік жетекші                 |
| 19           | III тоқсан қорытындысы   | Салыстырмалы сараптама  | Анықтама  | Бірлестік жетекші                 |
| 20           | Lesson study жоспары бойынша сабақ беру  | Жоспардың орындалуын тексеру                                  | Бақылау   | Пән мұғалімдері                   |
| <b>Сәуір</b> |  |   |           |                                   |
| 21           | Сыныптан-сыныпқа көшу емтиханның материалдарын қарау, бекітуге ұсыну                           | Материалдарды сараптау  | Тексеру   | Пән мұғалімдері                   |
| 22           | Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын тексеру                        | Оқушылардың дайындығын қадағалау                              | Бақылау   | Бірлестік жетекші Пән мұғалімдері |
| 23           | Lesson study жоспары бойынша сабақ беру  | Жоспардың орындалуын тексеру                                  | Бақылау   | Пән мұғалімдері                   |
| <b>Мамыр</b> |  |   |           |                                   |
| 24           | IV тоқсан қорытындысы, жылдық қорытынды  | Салыстырмалы сараптама  | Анықтама  | Бірлестік жетекші                 |
| 25           | ӘБ жылдық қорытындысы  | Есеп беру   | Сараптама | Бірлестік жетекші                 |
| 26           | 2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің апталық жүктемесін бөлу. Кәсіптік рейтингтің қорытындысы | Жүктемелерді бөлу.<br>Кәсіптік рейтингтің қорытындысын шығару | Бақылау   | Бірлестік жетекші                 |
| 27           | 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын құру, қарау  | Жоспар құру   | Жоспар    | Бірлестік жетекші                 |



**2023-2024 оқу жылы**  
**Жаратылыстану математика**  
**әдістемелік бірлестік отырысының**  
**№ 1 хаттамасы**

**2023 жыл. 31 тамыз**

**Атбасар қаласы**

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Жас маманмен танысу;
  2. 2022-2023 оқу жылына есеп беру;
  3. 2023-2024 оқу жылының жоспарын бекіту;
  4. Тақырыптық – күнтізбелік, элективті курс жоспарларын бекіту;
  5. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын талқылау;
  6. БЖБ, ТЖБ-нің дайындық жоспары мен мерзімін құру.
- Химия, биология пәнінен сабақ беретін жас маманмен танысу болды;
  - 2022-2023 оқу жылының қорытындысын бірлестік жетекшісі Смагулова Д.А. айтып кетті. Өткен оқу жылының қорытындысы кесте, диаграмма, презентация түрінде көрсетілді. Ұстаздардың жетістіктері мен атқарылған жұмыстары жан-жақты талқыланды. Өткізілген ашық сабақтар мен семинарлар талқыланды. ҰБТ қорытындысы әр пән бойынша айтылды.
  - жаңа 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар құрылды. Апталықтар күндері талғыланып, ашық сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларының тақырыптары берілді.
  - әдістемелік бірлестік мүшелерінің пәндік күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары қаралып, бекітілді. Сонымен қатар элективті курс пен үйірме жоспарлары да қаралып, тамыз айының 31 жұлдызымен бекітілді.
  - бірлестік мүшесіндегі әр пән мұғалімдері оқу жылының алғашқы күнінен дарынды оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарын қадағалап, жоспар құруда. Аудандық пән олимпиадаларына, марафондар мен ғылыми жобаға қатысатын оқушылар іріктеліп алынып, жоба тақырыбын таңдап, дайындықты бастау керектігі талқыланды.
  - Әр пән мұғалімі жаңа оқу жылына БЖБ, ТЖБ жоспарлап, бекітілу талаптары айтылды.

**Қаулы:**

1. ӘБ жетекшісінің өткен оқу жылдық қорытынды есебі жақсы бағаланды. Өткен оқу жылында белсенділік көрсеткен ұстаздар жеке аталып өтті.



2. Жаңа оқу жылының күнтізбелік жоспарлары, факультативтер тамыз айының 31 жұлдызымен бекітілсін. Оқушылар пәндерге және сыныпқа байланысты қауіпсіздік техника ережелерімен таныстырылып, журналдарға қолдары қойылып алынсын. Зертханалық, сарамандық, БЖБ,ТЖБ бақылау жұмыстарына жеке дәптерлер басталып (12 беттік), қабы бірдей толтырылып, уақытында орындалып, бағалары журналға уақытында қойылсын.
3. Әдістемелік бірлестік ұстаздары бірлесіп жұмыс жүргізіп, бірлестік жұмысының нәтижелерін көрсете білуге белсенді қатысуға ұсыныс берілді.

ӘБ жетекшісі: Смагулова Д.А.  
Хатшы: Базылбекова Г.Ж.





**№8 жалпы орта білім беретін мектебінің жаратылыстану математика  
пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік отырысының**

**№2 хаттамасы**

31.10.2023ж

Қатысқан:5

Қатыспаған:жөк

**Күн тәртібінде:**

1. I-тоқсан бойынша қорытынды жасау
2. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын талдау
3. Математика және физика апталығына жоспар жасау

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Д.Смагулова сыныптар арасындағы I тоқсан қорытындысымен таныстырды, талдау жасалды. Мұғалімдердің жылдық сабақ жоспары, жылдық тәрбие жоспары, күнтізбелік жоспары, үлгерімі төмен, дарынды оқушылардың жұмыс жоспары қаралды. Математика және физика апталығына іс –шараларын өткізу жоспары талқыланып, түсіндірілді. БЖБ, ТЖБ жұмыстарының алыну сапасына көңіл бөлініп, жақсарту жолдары қарастырылды. Ынтасы төмен оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, ата –аналармен қатынасып отыру керектігі тапсырылды. Сыныптардың сапа көрсеткіштерін жақсартуға ат салысу міндеттелді. Пәндер бойынша үлгермеуші, үлгерімі төмен шыққан оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылып, нәтижеге жұмыс істеу жүктелді. Мектеп олимпиадасына қатысатын оқушылар іріктелді.

**Шешімі:**

1. Барлық оқушылар I-тоқсаннан II-тоқсанға өткізілсін.
2. Күнделікті сабақта жаңа әдіс-тәсілдер қолданылсын.
3. Біліктіліктен өткен мұғалімдердің сабақтарына кіріп, тәжірибе алмасу қажет.

**Әдістемелік бірлестік жетекші:**

**Хатшы:**



**Д.Смагулова.**

**Г.Базылбекова**



**2023-2024 оқу жылы**  
**Жаратылыстану математика**  
**әдістемелік бірлестік отырысының**  
**№ 3 хаттамасы**

**2024 жыл. 04 қаңтар**

**Атбасар қаласы**  
**Қатысқаны: 5**  
**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібінде:**

1. Жарты жылдық қорытынды бойынша есеп;
2. ҰБТ – ге дайындық туралы ұсыныстармен таныстыру (Усембаева А.Б.);
3. Жаратылыстану математика пәндерінен оқушылардың сабаққа қатысуын талдау (пән мұғалімдері);
4. Сабақта LearningApps, Plickers, Padlet платформаларында қалай жұмыс жасау керектігін көрсету (Базылбекова Г.Ж.);
5. II – тоқсан бойынша қорытынды жасау.

**Тыңдалды:**

- Жарты жылдық қорытындысы бойынша әр мұғалім өз оқушыларының жетістіктеріне тоқталды, олимпиадада орын алмаған балалардың жіберген қателеріне айтумен қатар, сол олқылдықтарды жою барысында қандай жұмыс атқарылып жатқандығына айтып өтті.
- Усембаева Амина Болатаевна 11 – сынып оқушыларының тестілеу кезіндегі іс – әрекеттері туралы, алған ұпайлары туралы айтып, қандай бағытта жұмыс істеу керек екендігін ұсынды.
- Математика пәнінің мұғалімі Базылбекова Г.Ж. сабақтар қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатындығы жайлы түсіндірме жұмыстарын көрсетті. Мұғалім арасында жаңа технологияны пайдалануда көпшілігі СТО – ны қолдану арқылы сабақтарын өткізеді және басқа да білім платформаларын қолдану керектігі айтылды.
- Ынтасы төмен оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, ата –аналармен қатынасып отыру керек, сыныптардың сапа көрсеткіштерін жақсартуға ат салысу міндеттелді. Пәндер бойынша үлгермеуші, үлгерімі төмен шыққан оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылып, нәтижеге жұмыс істеу жүктелді.



- Пән бірлестік жетекшісі Смагулова Д.А. сыныптар арасындағы ІІ тоқсан қорытындысымен таныстырды. Мұғалімдердің жылдық сабақ жоспары, жылдық тәрбие жоспары және басқа да іс қағаздары қаралды. БЖБ, ТЖБ нәтижелеріне талдау жасалды.

### **Шешімі:**

1. Барлық оқушылар ІІ – тоқсаннан ІІІ – тоқсанға өткізілсін.
2. Күнделікті сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану жүзеге асырылсын.
3. Біліктіліктен өткен мұғалімдердің сабақтарына кіріп, тәжірибе алмасу қажет.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:

Хатшы:

  


Смагулова Д.А.

Базылбекова Г.Ж.



**№8 жалпы орта білім беретін мектебінің жаратылыстану математика  
пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік отырысының**

**№4 хаттамасы**

28.03.2024 ж

Қатысқан:5

Қатыспаған:жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Аттестацияға құжаттар рәсімдеу ережелері мен жұмыстары туралы (Г.Ж.Базылбекова);
2. «Қалыптастырушы бағалау - бағалаудың тиімді тәсілі» (С.И. Курманова);
3. ҰБТ, ҚА-ға дайындық жұмыстары (пән мұғалімдері);
4. III -тоқсан бойынша қорытынды жасау (Әр мұғалім).

**Тыңдалды:**

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әркім өз ойын ортаға салып, талқылап, қазіргі аттестация жұмыстарына байланысты кеше өткен аудандық отырыстағы ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, күнделік кз платформасының толтырылуы жөніндегі мәселелер туралы айтылды. Алдағы аптаның соңына дейін өткен үш оқу жылының күнделік кз-тегі барлық сыныптардың тақырыптары мен бағаларын, БЖБ-лар мен ТЖБ-ларды қарап кем –кетіктерін толықтыру.

2. 2-мәселе бойынша физика пән мұғалімі С.И. Курманова сөз алды. Қалыптастырушы бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады. Бағалаудың бұл түрінің қалыптастырушы болып аталатындығы - бағаның нақты бір оқушыға, оның білім мазмұнын меңгерудегі кемшіліктерін анықтауға және өзіндік орнын барынша тиімді толықтыруға бағытталғаны.



3. 3-мәселе бойынша пән мұғалімдері: Г.Ж.Базылбекова, С.И.Курманова, Г.С.Ғалымжан, У.Д.Базарбаев ҰБТ,ҚА-ға оқушыларды дайындап келуде. Қосымша сабақтар дер кезінде бекітілген кесте бойынша өтіліп, тесттер уақытында алынып отыр.

4. 4-мәселе бойынша пән мұғалімдері өздері сабақ беретін сынып оқушыларының 3 тоқсан бойынша үлгерімдері туралы мәлімет беріп өтті. Сонымен қатар кейбір сыныптардағы үлгерімі төмен оқушыларға жеке қосымша жұмыстар жүргізілуі туралы атап өтті. Жеке жұмыс жасау, оқушыны талаптандыру міндеті жүктелінді;

#### Шешімі:

1. Аттестацияға дайындық шаралары жалғассын, күнделік кз платформасына толықтыру енгізілсін;
2. Шығармашылық баяндама "жақсы" деп бағалансын;
3. ҰБТ, ҚА-ға дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін;
4. Барлық оқушылар ІІІ-тоқсаннан ІҮ-тоқсанға өткізілсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  Смагулова Д.А.

Хатшы:  Базылбекова Г.Ж.



**«Атбасар қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА  
БАҒЫТЫНЫҢ  
І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ БОЙЫНША ЕСЕБІ.**

**ӘБ жетекшісі: Смагулова Д.А.**

**2023-2024 оқу жылы**



**Мақсаты:**

- Пән мұғалімдерінің сабақ өткізуде кездесетін қиындықтарын практика жүзінде шешу.
- Педагог тұлғасындағы тәрбиелі-білімді аша түсу.

**Міндеті:**

- \* Мемлекеттік стандарттың орындалуын бақылау;
- Пәндік материал бойынша берілетін білім сапасын арттыру;
- \* Пән мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін шыңдау;
- \* Технологияларды қолдану бағытын бақылау;
- \* Пәнге деген қызығушылықты арттыру мақсатында, әдістемелік іс-тәжірибе алмасып отыру;

Тамыз айында жаратылыстану-математика әдістемелік бірлестігі 2023-2024 оқу жылында жұмыс жоспарын бекітілді. Осы оқу жылында алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жолында 1 жарты жылдықта сан түрлі жұмыстар атқарылды.

Жаратылыстану-математика әдістемелік бірлестігі: «Пәнді жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру»

**ӘБ отырысы**

- ✓ Оқу жылының басында бекітілген бойынша 3 отырыс өтті.
- ✓ Барлық отырыстың хаттамалары бар

**Біліктілікті арттыру курстары**

Базылбекова Гулим Жакыповна – педагог, еңбек өтілі 1,7 жыл.

26.06.2023-21.07.2023 ж.ж. «Мектептегі математика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбы бойынша 160 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсы өтті. Тіркеу нөмері №011798

Бағдарлама модульдерінің атауы:

- Пәндік құзыреттілікті дамыту;
- Математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- Инклюзивті білім беру негіздері, құралдары және математиканы оқытудағы практикалық шешімдер;
- Бағалауға арналған тапсырмалар әзірлеу және сараптама жасау

**Оқушылар жетістігі**

«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырылған 10 сынып оқушылары арасында математика пәнінен «Кенгуру» олимпиадасы өтті. Екі оқушы қатысты:

- Кайырбек Арайлым – I дәрежелі диплом (жетекшісі Базылбекова Гулим Жакыповна)



-Оспанова Асылай-III дәрежелі дипломмен марапатталды. (жетекшісі Базылбекова Гулим Жакыповна).

Сондай-ақ математика физика информатика химия биология пәндерінен мектепшілік олимпиада өтті, оқушылар орын алып мадақтау грамоталармен марапатталды. Жоспаға сай 04.12-08.12.23 аралығында математика, физика апталығы өтті. 11.12-15.12.23 аралығында информатика апталығы өтті. Барлық іс-шаралар №8 ЖОББМ Instagram парақшасына салынған.

### Ұсыныстар

- Қалалық және республикалық конкурстарға қатысу.
- Қалалық әдістемелік бірлестіктің семинарларына қатысу.
- Біліктілік арттыру курстарынан өту (өтпеген ұстаздар).
- Республикалық және қалалық басылымдарға мақала жариялау.
- Жаратылыстану-математика пәнінің онкүндігін ұйымдастыру, өткізу (биология және химия)
- Lesson Study бойынша жұмыс жасау, нәтижеге жету.

Қорыта келе айтарым, жас ұрпақты ұлттық тәлім- тәрбие негізінде дені сау, ар-ожданы мол, мәдениетті, еңбекқор, экономикалық ойлауы дамыған, шығармашылық, іскерлік, бәсекелестікке дайын, түрлі мамандықты игере алатын, күрделі өмірлік мәселелерді жылдам шеше алатын икемді етіп қалыптастыру жолында аянбай еңбек ете беру.

**Келер 2 жарты жылдыққа нетижелі, жүйелі жұмыс жасауға бағыт берілді.**

ӘБ жетекшісі:



Смагулова Д.А